



Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 қазан N 1127. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1819 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлерінің саны 271 адам шегінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар

министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, оның ішінде министрдің бірінші орынбасарын, сондай-ақ 17 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппараты үшін 11 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Департаменттер директорларының лауазымдық жалақысы Бас басқарма бастықтарының жалақыларымен теңестірілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 7 қазандағы

N 1127 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі орталық аппаратының

Құрылымы

Темір жол көлігі департаменті

Әуе көлігі департаменті

Автомобиль көлігі департаменті

Су көлігі департаменті
Байланыс департаменті
Автомобиль жолдары департаменті
Экономикалық бас басқарма
Қаржымен қамту және кадр саясаты бас басқармасы
Сыртқы экономикалық байланыстар басқармасы (жетекші)
Үйлестіру және жұмыс сапасын бақылау басқармасы (жетекші)
Көлік инспекциясы
Еңбек пен әлеуметтік саясат бөлімі
Заң актілерін дайындау, Жоғарғы Кеңеспен байланыс және заң
жұмысы басқармасы (жетекші)
Мемлекеттік почта байланысы қызметі
Даму, ғылыми-техникалық саясат және өнеркәсіп басқармасы
(жетекші)

<*>

Ескерту. Қосымшасына өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің
6.02.1995 ж. N 117 қаулысымен.